

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 16 қыркүйектегі № 964 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.06.2020 № 375 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 47-48, 444-кұжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесінде:

2-тармақ:

мынадай редакциядағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушыларының тізілімі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу жүйесін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган қалыптастыратын әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесі;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) сатып алуды ұйымдастырушы - тапсырыс беруші немесе осы Ереженің 88-4-тармағына сәйкес сатып алуды ұйымдастыру үшін белгілеген тапсырыс беруші немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тұлға;"

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) тек бірыңғай дистрибьютордан сатып алуға жататын дәрілік-заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізімі (бұдан әрі - бірыңғай дистрибьютордың тізімі) - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін, тапсырыс берушілер бірыңғай дистрибьютордан сатып алатын дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесін, халықаралық патенттелмеген атаулары немесе дәрілік заттардың құрамы, медициналық мақсаттағы бұйымдардың атаулары көрсетілген бірыңғай дистрибьютордың қоймасында қалыптасатын төмендемейтін қоры бар дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесі мен көлемін, сондай-ақ техникалық сипаттамаларын, жасалған ұзақ мерзімді жеткізу шарттарының болуы туралы ақпаратты қамтитын құжат;"

4, 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған дәрілік заттарды сатып алу үшін бөлінетін бюджет қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау мақсатында дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар уәкілетті орган белгілеген бағадан аспайтын бағамен сатып алынады.

Дәрілік заттарға және медициналық мақсаттағы бұйымдарға шекті бағалар өндіруші растаған бағалардың, көтерме бағаларды талдау негізінде, сондай-ақ алдыңғы жылғы сатып алу бағасын және тұтынушылық баға индексі есепке ала отырып айқындалады.

Бірыңғай дистрибьютордың тізімі бойынша дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың шекті бағаларын жыл сайын уәкілетті орган бекітеді.

Дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға бағаны мониторингілеуді ұйымдастыру және жүзеге асыру, сондай-ақ оларды қалыптастыру тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

5. Тендерді ұйымдастырушының жұмыскерлеріне, сондай-ақ аффилиирленген тұлғаларына, оның ішінде бірыңғай дистрибьютордың аффилиирленген тұлғаларына осы ережеде реттелетін сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға тыйым салынады.

Әлеуетті өнім берушінің және оның аффилиирленген тұлғасының бір лотқа қатысуға құқығы жоқ.

Әлеуетті өнім берушінің егер:

1) осы әлеуетті өнім берушінің жақын туыстарының, зайыбының(жұбайының) немесе өзіне тән басшыларының және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің

уәкілетті өкілінің өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы болса не өткізілетін сатып алулар тендерінде тапсырыс берушінің өкілі немесе ұйымдастырушысы болып табылса;

2) тендерге қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің басшысының, заңды тұлға құрылтайшысының, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның жосықсыз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, жарғылық капиталына қатысуға қатысы болса;

3) әлеуетті өнім берушінің басшысы және (немесе) тендерге қатысуға үміткер осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілі жосықсыз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне енгізілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылса;

4) тендерге қатысуға үміткер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, жеке тұлға болып табылатын әлеуетті өнім беруші жосықсыз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне енгізілген әлеуетті өнім берушінің басшысы болып табылса;

5) әлеуетті өнім беруші және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілі жосықсыз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесінде болса;

6) әлеуетті өнім берушінің қаржылық-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына не Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім беруші мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатылған жағдайда сатып алуға қатысуға құқығы жоқ.";

8-тармақтың 1), 6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) фармацевтикалық қызметпен және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген лицензияланатын қызметтің басқа түрлерімен айналысуға лицензиясының және (немесе) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның хабарламаны қабылдау туралы талонының немесе халыққа қызмет көрсету орталығының қабылдау туралы белгісі бар хабарлама көшірмесінің немесе электрондық құжат нысанындағы талонның болуы;

б) жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесінде болмауы;

7) дәрілік заттардың, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттардың және/немесе медициналық мақсаттағы бұйымдардың әлеуетті өнім берушісінің сатып алуға ұсынылатын дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды және/немесе медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіруші не ресми өкіл мәртебесі болуы тиіс. Медициналық техниканың әлеуетті өнім берушісінің өндіруші не ресми дистрибьютор, не

шарты мен оның сатып алуға ұсынылған медициналық техниканы өткізуге құқығын растайтын өзге құжаттары бар өндірушінің ресми өкілі мәртебесі болуы тиіс";

12-тармақтың 4) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жылдан кем жарамдылық мерзімі бар, бірыңғай дистрибьютордың қоймасына өнім берушіден бұдан бұрын қабылданған тауардың ауыспалы қалдығы немесе төмендемейтін қордағы тауар болып табылатын, тапсырыс берушіге жеткізілетін дәрілік заттардың, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жеткізу сәтіне жарамдылығының қалған мерзімі жалпы жарамдылық мерзімінің отыз пайызынан кем болуы мүмкін, ал кемінде екі жыл жарамдылық мерзімі бар тауардың жарамдылық мерзімі жеткізу сәтіне өндіруші көрсеткен жалпы жарамдылық мерзімінен сегіз айдан кем болуы мүмкін.";

13-тармақтың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) медициналық техника жаңа және бұрын пайдаланылмаған болуы тиіс, бұл ретте өнім беруші медициналық техниканы жеткізу сәтінде шыққанына жиырма төрт ай болмаған медициналық техниканы ұсыну бойынша міндеттемелерді өзіне алуы тиіс;

4) өлшеу құралдарына жататын медициналық техника Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі тізіліміне енгізілуі тиіс. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміндегі медициналық техниканың атауы заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында тіркелген медициналық техниканың атауымен бірдей болуы тиіс";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Сатып алуды ұйымдастырушы немесе бірыңғай дистрибьютор денсаулық саласындағы уәкілетті орган көздеген тәртіппен және мерзімдерде қалыптастырған дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың жосықсыз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілер) тізбесі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін жіберіледі.

Жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған медициналық техниканың өнім берушілерін мемлекеттік

сатып алудың жосықсыз әлеуетті өнім берушілері тізіліміне енгізуді тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырады.";

39-тармақта:

2) тармақшада:

төртінші абзац алынып тасталсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес төлем мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда, тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кешіктірілмей берілген, үш айдан асқан Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқтығы (болуы) туралы анықтама. Көрсетілген анықтама қағаз тасығышта ұсынылған кезде басшының, оны алмастыратын тұлғаның немесе басшы орынбасарының қолымен және анықтаманы жасаған аталған салық органының мөрімен расталады. Көрсетілген анықтама электрондық түрде берілген кезде уәкілетті органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады;"

48-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сатып алуды ұйымдастырушыға осы Ережеге 6 немесе 6-1-қосымшаларға сәйкес осы Ереженің 88-4-тармағына сәйкес бірыңғай дистрибьютерге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға банктік кепілдік.";

82-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды қамтуы тиіс бірыңғай дистрибьютордың тізімін қаржы жылында кемінде бір рет өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігімен үш жылға бекітеді.

Бірыңғай дистрибьютордың тізімін уәкілетті орган дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атауын немесе құрамын, медициналық мақсаттағы бұйымдардың атауын, сондай-ақ техникалық сипаттамасын, жасалған ұзақ мерзімді жеткізу шарттарының бар екені туралы ақпаратты, бірыңғай дистрибьютордың қоймасындағы төмендемейтін қоры бар дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесі мен көлемін көрсете отырып, бірыңғай дистрибьюторға жолдайды.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу үшін бөлінетін бюджет қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау мақсатында дәрілік

заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар осы Ереженің 11-1-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган белгілеген бағадан аспайтын бағалар бойынша сатып алынады.";

мынадай мазмұндағы 83-1-тармақпен толықтырылсын:

"83-1. Тапсырыс берушілердің сол қаржы жылында дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың көлемін ұлғайту бойынша қосымша өтінімі бірінші жартыжылдықта жылына 2 реттен артық ұсынылмайды.

Тапсырыс берушілерде сол қаржы жылында екінші жартыжылдықта (жылына 2 реттен артық) дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға шұғыл қосымша қажеттілік жылына екі реттен артық туындаған кезде (шұғыл жағдайда) тапсырыс берушілер бюджет қаражатын қаржыландыру көзіне байланысты осы қосымша қажеттілікті денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен немесе денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органдарымен келісуі тиіс. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган немесе денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органы тиісті бюджеттен бөлінген қаражат болған жағдайда он жұмыс күні ішінде келіседі немесе тиісті бюджеттен бөлінген қаражат болмаған жағдайда бас тартады. Келісу кезінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган немесе денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органы дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қосымша көлемін сатып алу туралы (шұғыл жағдайда) шешім қабылдайды, оны бірыңғай дистрибьюторға ұсынады.";

84-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"84. Тапсырыс берушілер жыл сайын бірыңғай дистрибьютор өтінім жіберген сәттен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей бірыңғай дистрибьюторға келесі күнтізбелік жылға алдын ала өтінімді ұсынады, онда мыналар қамтылуы тиіс:";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) алдыңғы жылғы нақты тұтынуды және келесі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарына болжамды қалдықты ескере отырып, дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың әрқайсысының атауы бойынша келесі жылға ай сайынғы қажеттілігі көрсетілген қажеттілік есебі.";

87-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекеттік тіркеу туралы анықтама немесе куәлік, жарғы/ереже көшірмелері, олардың деректемелері, мекенжайы (пошта және заңды), байланыс телефондары, факстары, электрондық поштасының мекен жайы, бірінші басшының немесе оны алмастыратын адамның лауазымы (атқаратын лауазымын растайтын құжаттың көшірмесі), және Т.А.Ә., сатып алуды жүзеге асыруға

жауапты адамның Т.А.Ә., сатып алу жоспарланатын бағдарламаның, кіші бағдарламаның, ерекшеліктің атауы көрсетілген тапсырыс берушілердің толық атауы;"

88-5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88-5. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейдегі медицина ұйымдарын материалдық-техникалық жарактандыруға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қоса алғанда, республикалық бюджет қаражатының есебінен сатып алынатын медициналық техниканы сатып алуды дайындау және ұйымдастыру мақсатында денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган тапсырыс берушілерден алған медициналық техниканың тізбесін, клиникалық-техникалық негіздемесін, техникалық өзіндік ерекшелігін, санын, мерзімін, жеткізу шарты мен орнын, медициналық техниканың әрбір атауы бойынша сатып алу үшін бөлінген сомасын, тапсырыс берушінің толық атауын, банк деректемелерін, мекенжайын (пошталық және заңды), байланыс телефоны/факс нөмірін, электрондық пошта мекенжайын, тапсырыс берушінің басшысының лауазымы мен Т.А.Ә. қамтуы тиіс ақпаратты, сатып алынатын медициналық техникаға көрсетуі жоспарланған медициналық қызметтердің тізбесі мен саны, пайдаланудың техникалық шарттары, сатып алынатын медициналық техниканы пайдалану үшін мамандар туралы мәлімет бар ақпаратты лизинг берушіге ұсынады.

Лизинг беруші денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган осы ереженің 88-5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты ұсынған сәттен бастап күнтізбелік қырық күн ішінде денсаулық сақтау ұйымының медициналық техниканы қабылдауға және тиісті түрде пайдалануға дайындық деңгейін, медициналық техниканың денсаулық сақтау ұйымы көрсететін қызметтерге сәйкестігін анықтау, сондай-ақ өтінім берілген медициналық қызметтерге медициналық техниканың анағұрлым жарамды техникалық сипаттамаларын анықтау мақсатында, әрбір атауы бойынша медициналық техниканың клиникалық-техникалық негіздемесі, техникалық өзіндік ерекшелігі (техникалық сипаттамасы) және құны бөлігінде сараптама жүргізеді және оның нәтижелері бойынша сараптамалық қорытындының ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікті бекіте отырып сараптамалық қорытынды шығарады.

Біріздендіруді талап ететін медициналық техниканы сараптау нәтижелері бойынша бірыңғай біріздендірілген бір техникалық ерекшелікке сараптамалық қорытынды әрбір тапсырыс беруші бойынша шығарылады.

Ұсынылған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы бұзылған жағдайда лизинг беруші ақпаратты қарамай, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға қайтарады.

Лизинг беруші сараптамалық қорытынды шығарылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде бекітілген техникалық ерекшелікті тапсырыс берушілерге келісу үшін жолдайды.

Тапсырыс берушілер үш жұмыс күні ішінде сатып алынатын медициналық техниканың техникалық өзіндік ерекшелігін келіседі, ол тігілген және нөмірленген түрінде ұсынылады, оның әрбір бетіне тапсырыс беруші қол қояды, ол тапсырыс берушінің мөрімен расталады және лизинг берушіге ұсынылады.

Тапсырыс беруші келіскен техникалық ерекшелікті лизинг беруші үш жұмыс күні ішінде сараптамалық қорытындымен бірге тігеді және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға тізбесі, саны, жеткізу орны және медициналық техниканың әрбір атауы бойынша сатып алуға бөлінген сомасы бөлігінде келісуге жібереді.

Тапсырыс беруші мерзімінде келіспеген техникалық ерекшеліктің сараптамалық қорытындысын лизинг беруші денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға жібермейді.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган лизинг берушіден, техникалық ерекшелікпен бірге тігілген сараптамалық қорытындыны алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде санын, мерзімін, жеткізу шарты мен орнын, медициналық техниканың әрбір атауы бойынша сатып алу үшін бөлінген сомасын қоса беріп, тендер өткізу үшін оны СК-Фармацияға жолдайды.";

88-6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Лизинг беруші техникалық, ұйымдастырушылық сараптаманы және күн сараптамасын, сондай-ақ қаржылық лизинг шарттары мен талаптарына сәйкестікті жүргізгеннен кейін он жұмыс күні ішінде сатып алуға жоспарланған медициналық техниканың тізбесін әзірлейді, оны алған сәттен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде медициналық техниканың тізбесін келісуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға саны, мерзімі және жеткізу орны бөлігінде келісуге жолдайды.";

88-9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88-9. СК-Фармация осы Ереженің 88-5, 88-6, 88-7, 88-8-тармақтарына сәйкес ұсынылған ақпараттың негізінде бес жұмыс күні ішінде тізбесі, саны, мерзімі, жеткізу шарттары мен орны, бағасы және сатып алу үшін бөлінген сомасы, медициналық техниканың әрбір атауы бойынша техникалық сипаттамасы (техникалық ерекшелігі) бар сатып алынатын медициналық техниканың жиынтық тізімін қалыптастырады, тендер жариялайды және осы Ереженің 3 бөлімінің 10 және 11-тарауларында көзделген тәртіппен іріктеуді жүргізеді."

118-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"118. Егер екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын тендерде, оның ішінде екі және одан да көп отандық тауар өндірушілер бір лот бойынша қатысатын болса

және осы Ереженің талаптарына сәйкес келетін болса, комиссия осы лот бойынша ең төменгі бағаны анықтау рәсіміне қатысуға тек қана отандық тауар өндірушілерді қатыстырады (өтінім берілген көлемдер бойынша).

Егер екі кезенді рәсімдерді пайдаланылатын тендерде қандай да бір лот бойынша отандық өндіруші болып табылатын әлеуетті өнім берушінің осы Ереженің талаптарына сәйкес тек бір өтінімі берілсе не әлеуетті өнім берушінің екі және одан көп өтінімі берілсе, оның біреуі - отандық тауар өндіруші болып табылатын әлеуетті өнім берушінің осы Ереженің талаптарына сәйкес келетін өтінімі болса, онда комиссия тендерді бұл лот бойынша өтпеген деп жариялайды, ал бірыңғай дистрибьютор немесе медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастырушы бір көзден сатып алу тәсілімен осы әлеуетті өнім берушіден сатып алуға көшеді.";

129-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"129-1. Медициналық техниканы сатып алу бойынша екі кезенді рәсімдер пайдаланылатын тендер қорытындылары туралы хаттаманың нотариалды куәландырылған көшірмелерін тендер жеңімпазының техникалық ерекшеліктерінің көшірмелерімен қоса беріп, қағаз және doc* форматындағы электрондық түрде тендердің қорытындысы шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс берушілердің тендер жеңімпаздарымен осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес жасалған медициналық техниканы сатып алу шарттарын (бұдан әрі -сатып алу шарты) жасасуы үшін қабылдау-беру актісі бойынша тапсырыс берушілерге беруге тиіс";

131-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар көлемін көбейту жағына, сондай-ақ сатып алуға, төмендемейтін қорды толықтыруға қарай сол қаржы жылында тапсырыс берушінің қосымша өтінімі түскен кезде. Аталған жағдайда бірыңғай дистрибьютор белгіленген баға бойынша өнім берушілерден бір көзден сатып алуды жүзеге асырады. Сол қаржы жылында сатып алу жеткізу шарты жасалған сол жеткізушіден жүзеге асырылатын болса, тапсырыс беруші жасалған шартқа 132-тармақта көзделген тиісті өзгерістер мен құжаттарды енгізеді. Бірыңғай дистрибьютор бірыңғай дистрибьютордан ұсыныс алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде жазбаша бас тарту алған кезде, ұсыныстар басқа әлеуетті жеткізушілерге жіберіледі.";

132-2-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасында халықаралық патенттелмеген атау бойынша ұқсастығы жоқ тек бір ғана дәрілік зат тіркелгенде немесе құрамы бойынша халықаралық патенттелмеген атауы болмаса;"

133-38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"133-38. Ұзақ мерзімді жеткізу шарты жасалған сәттен бастап және ұзақ мерзімді жеткізу шартында көрсетілген объектіні пайдалануға енгізу күні аралығындағы кезең екі жылдан аспауы тиіс. Көрсетілген мерзім асып кеткен жағдайда және өнім беруші көрсетілген кезең аяқталған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде объектіні пайдалануға енгізу актісін ұсынбаған жағдайда бірыңғай дистрибьютор бір жақты тәртіппен ұзақ мерзімді жеткізу шартын бұзады.

Объектіні пайдалануға енгізу актісін ұсынғаннан кейін объектіні пайдалануға енгізу сәтінен бастап және дәрілік заттарды жеткізу күні аралығындағы кезең екі жылдан аспауы тиіс, ол ұзақ мерзімді жеткізу шартында көзделген объектіні пайдалануға енгізу актісін ұсынған сәттен бастап есептеледі. Көрсетілген мерзім асып кеткен жағдайда бірыңғай дистрибьютор он жұмыс күні ішінде бір жақты тәртіппен ұзақ мерзімді жеткізу шартын бұзады.";

мынадай мазмұндағы 11-3-тараумен толықтырылсын:

"11-3 тарау. Бірыңғай дистрибьютордың қоймасындағы қоры төмендемейтін дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды қалыптастыру және пайдалану тәртібі

133-41. Қоры төмендемейтін дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар бірыңғай дистрибьютордың өз қаражаты есебінен қалыптастырылады.

133-42. Қоры төмендемейтін дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың алдыңғы жылы нақты сатып алынған жалпы көлемінің 20 %-ына дейінгі мөлшері денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қоры төмендемейтін тізбені бекіткен күні сатып алынады. Бірыңғай дистрибьютор сатып алуды, қоры төмендемейтін қалдықты толтыруды осы Ереженің 10, 11 және 11-1-тарауларына сәйкес белгіленген тәртіппен және тәсілдердің бірімен (қоры төмендемейтін тізімді қорды қалыптастыру сәтінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қалдығын есепке алғанда) жүзеге асырады. Қоры төмендемейтін дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесі мен көлемін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бірыңғай дистрибьютордың тиісті жылдағы тізіміне байланысты жыл сайын белгілейді.

133-43. Қоры төмендемейтін дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды бірыңғай дистрибьютор тапсырыс берушінің өтінімі бойынша мынадай жағдайларда пайдаланады:

- 1) өнім берушілер бірыңғай дистрибьюторға жеткізу мерзімін бұзған кезде;
- 2) өнім берушілер жеткізуден бас тартқан кезде;
- 3) өнім берушінің кінәсінен шарт бұзылған кезде;

4) тапсырыс берушілерден сол қаржы жылында дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың көлемін ұлғайтуға қатысты қосымша өтінім келіп түскен кезде.

133-44. Қоры төмендемейтін дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар жыл сайын осы Ереженің 10, 11 және 11-2 тарауына сәйкес белгіленген тәртіппен (дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қалдықтарын есепке алғанда) толықтырылып отырады.";

көрсетілген Ережеге 6-1-қосымшадағы "88-1" деген сандар "88-4" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген Ережеге 9-қосымшада:

3-тармақтың бірінші бөлігінің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ілеспе құжатта дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың әрбір атауы мен партиясының (сериясының) қауіпсіздігі және сапасы туралы қорытындының нөмірі мен жарамдылық мерзімін көрсету.";

4-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы тапсырыс беруші шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде, өзге ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы тапсырыс берушілер шарт сомасының 50 пайызы мөлшерінде Шарт күшіне енген күнінен бастап 10 банктік күн ішінде алдын ала төлем жүргізеді;"

5-тармақта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауарды саны және сапасы бойынша қабылдау тапсырыс берушінің және бірыңғай дистрибьютордың өкілдері берген сәтте жүргізеді, қабылдау нәтижелері тауарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша ресімделеді. Жеткізу сәтінде бірыңғай дистрибьютор мен тапсырыс берушінің өкілдері тауарларды тиісті түрде қабылдау үшін сенімхат пен жеке басты куәландыратын құжат көшірмесінің болуын қамтамасыз етуі тиіс. Беру күні тауарды қабылдау-тапсыру актісін толтыру күні болып саналады. Шарт бойынша берілетін тауар мыналар бойынша бірыңғай дистрибьютор тапсырды және тапсырыс беруші қабылдады деп саналады:

1) саны бойынша: тауарды қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілгенге сәйкес;

2) сапасы бойынша: техникалық ерекшелікте (Шартқа 1-қосымша) және ілеспе құжатта көрсетілген өнімнің әрбір атауының және дәрілік зат, медициналық мақсаттағы бұйым партиясының (сериясының) қауіпсіздігі және сапасы туралы қорытындының нөмірі мен жарамдылық мерзімі.";

оныншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жалпы жарамдылық мерзімі кемінде екі жыл болатын тауарды жеткізу сәтіндегі қалдық жарамдылық мерзімі жеткізу сәтіндегі жалпы жарамдылық мерзімінің кемінде отыз пайызын құрауы тиіс, жарамдылық мерзімі жеткізу жылынан кем емес тауар үшін беру сәтіндегі қалдық жарамдылық мерзімі кемінде сегіз айды құрауы тиіс, вакциналарды қоспағанда жалпы жарамдылық мерзімі кемінде екі жыл болатын тауарды жеткізу сәтіндегі қалдық жарамдылық мерзімі беру сәтіндегі жалпы жарамдылық мерзімінің кемінде қырық пайызын құрауы тиіс және жарамдылық мерзімі екі жылдан кем емес тауар үшін жеткізу сәтіндегі қалдық жарамдылық мерзімі кемінде он айды құрауы тиіс";

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Тапсырыс беруші медициналық ұйымның таратылуы, қайта құрылуы нәтижесінде немесе тауарлар және қаржы қаражатына қажеттілік жоқ екеніне байланысты бас тартатын болса, тауарды жеткізгенге дейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей, Бірыңғай дистрибьюторды хабардар етуі тиіс";

8-тармақ мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Шартқа енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулардың егер олар жазбаша нысанда жасалған болса, оған тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса, тараптардың мөрімен расталса күші болады. Жеткізу орны тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.";

көрсетілген Ережеге 11-қосымшада:

5-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжат";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнім тиелгеннен кейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей және сатып алушының қоймасына тауардың нақты келген күнінен кешіктірмей өнім беруші сатып алушыға осы Шарттың 3-бөлімінің 5-тармағында көрсетілген тиеуге қатысты құжаттарды толық көлемде ұсынуға міндетті. Көрсетілген құжаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сатып алушының немесе оның ресми өкілінің талабы бойынша Сатушы күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей көрсетілген құжаттарға жасалған ескертулерді жоюы тиіс";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Шарт бойынша жеткізілетін өнім:

1) екі тарап қол қойған өнімді қабылдау-беру актісінде көрсетілген саны бойынша;

2) егер оны ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болса, өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын растайтын құжатта және өнімнің шыққан елін куәландыратын құжатта көрсетілген сапаға сәйкес сапасы бойынша өнім беруші тапсырған және сатып алушы қабылдаған болып саналады."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК